



**БҮЙРЫҚ**

13.08.2024

Жезказган қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 247 -Н

город Жезказган

Ұлытау облысының  
білім беру ұйымдарының  
окушыларын ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай –ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұлытау облысының білім басқармасының білім белімдеріне:

1) 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай –ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3) Қалалық және ауылдық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының асханаларында ата – аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма – қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

4) Мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия қызметіне жүйелі жұмыс жүргізу үшін білім беру мемлекеттік мекемелері жанында жұмыс істейтін тамақтану сапасына бақылау жасау жөніндегі қалалық/аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы құрылсын.

5) Ведомствоаралық сараптамалық тобының қорытынды мониторингісі білім белгілі мінінде кеңесінде жартышылдықта бір реттен кем емес қарастырылсын.

2. Білім беру ұйымдары тамақтану спасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Ұлытау облысының білім  
басқармасы» ММ басшысының м.а.



М. Туребеков

Орындаған Айжанова С.Д.